

"Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 179 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 511 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 31 мамырда № 18766 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 22 мамырдағы № 246 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 22.05.2025 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазы мен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдар мен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 179 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10762 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 30 сәуірде жарияланды) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

Көрсетілген бұйрыққа "Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормалары" деген 1-қосымшада:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

2	Президент Әкімшілігі	Президент Әкімшілігінің Басшысы	1			3100
		Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары	1			2500

		Президенттің көмекшісі— Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы	1			3100
		Президенттің көмекшісі	1			3100
		Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары	1			2500
		Президент Кеңесінің бастығы	1			3100
		Президенттің Баспасөз хатшысы	1			3100
		Президенттің Протокол бастығы	1			3100
		Президенттің Парламенттегі өкілдігінің басшысы	1			2500
		Нұр-Сұлтан қаласында көліктік қызмет көрсету	16*****	1*****		2600
		Алматы қаласында	1*****	6*****		2600
		Қонақтарға арналған		25		***

”.

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 2-1-жолмен толықтырылсын:

”

2-1	Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының Кеңесі	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңесінің Басшысы	1*****			3100
		Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының көмекшісі	1			3100

		Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңсесі Басшысының орынбасары	1***** *			2500
		Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Баспасөз хатшысы	1			3100
		Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Протокол бастығы	1			3100
		Нұр-Сұлтан қаласында көліктік қызмет көрсету	7	2		2600
		Алматы қаласында	1	1		2600
		Қонақтарға арналған		2		2600

”;

реттік нөмірі 22-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

	Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдарға көлік қызметін көрсету *****					
	Ақмола облысы			306	3000-нан көп емес	*****
	Ақтөбе облысы			216	3000-нан көп емес	*****

22	Алматы облысы		306	3000-нан көп емес	*****
	Атырау облысы		141	3000-нан көп емес	*****
	Шығыс Қазақстан облысы		306	3000-нан көп емес	*****
	Жамбыл облысы		186	3000-нан көп емес	*****
	Батыс Қазақстан облысы		216	3000-нан көп емес	*****
	Қарағанды облысы		291	3000-нан көп емес	*****
	Қостанай облысы		321	3000-нан көп емес	*****
	Қызылорда облысы		141	3000-нан көп емес	*****
	Маңғыстау облысы		126	3000-нан көп емес	*****
	Павлодар облысы		216	3000-нан көп емес	*****
	Солтүстік Қазақстан облысы		231	3000-нан көп емес	*****
	Түркістан облысы		224	3000-нан көп емес	*****
	Нұр-Сұлтан қаласы		35	3000-нан көп емес	*****
	Алматы қаласы		40	3000-нан көп емес	*****
	Шымкент қаласы		22	3000-нан көп емес	*****

”;

***** ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

*****осы заттай "Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық", "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің аппараты" мемлекеттік мекемелеріне де қолданылады, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі үшін саны 2 бірлік, оның ішінде 1 бірлік Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі құрамына көліктік қызмет көрсету үшін және 1 бірлік Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің аппараты үшін кезекші автомобильмен қамтамасыз етудің заттай нормасы белгіленсін.”;

көрсетілген бұйрыққа "Мемлекеттік органдарды кеңсе жиһазымен қамтамасыз етудің заттай нормалары*" деген 3-қосымшада:

ескертпенің бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"* кеңселік жиһаз – осы бұйрықта көзделген, мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық органдарының, ұлттық компаниялардың басшылары мен қызметкерлері қызметтік міндеттерін орындауы үшін қажетті жағдай жасау мақсатында олардың жұмыс орнын жабдықтауға арналған жиһаздар."

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Әрекеті 2019 жылғы 23 наурыздан бастап туындаған қатынастарға қолданылатын Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен қамтамасыз етудің заттай нормалардың 2-1-жолды қоспағанда, осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.